

Орал қаласы бойынша жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 3166 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 қаңтарда № 7-1-224 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 162 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 31.01.2014 № 162 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын басшылыққа алып, жұмыспен қамту шараларын жүзеге асыру мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастар практикасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері арасынан тіркелген жұмыссыздарға ұйымдастырылсын.

2. алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2012.05.31 № 1237 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Жастар практикасын өткізуді қаржыландыру шаралары бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылсын.

4. Орал қаласы әкімдігінің "Жоғары оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлердің түлектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар ұйымдастыру туралы" 2011 жылғы 31 наурыздағы № 584 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-1-206 тіркелген, 2011 жылғы 19 мамырдағы "Жайық үні" газетінде № 20 және 2011 жылғы 19 мамырдағы "Пульс города" газетінде № 20 жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. С. Сафималиевке жүктелсін.

Қала әкімі

С. Оразов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК